

**Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 19 маусымдағы № А-5/244 "Атбасар", "Восточный", "Бұланды", "Ерейментау" зоологиялық мемлекеттік табиғи кіші қорықтарының аумағында шаруашылық қызметті шектеу туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № А-7/273 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 маусымда № 3433 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына, «Қарағанды және Ақмола облыстарының жекелеген мемлекеттік мекемелерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 247 қаулысына сәйкес, облыс әкімдігі  
**Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 19 маусымдағы № А-5/244 «Атбасар», «Восточный», «Бұланды», «Ерейментау» зоологиялық мемлекеттік табиғи кіші қорықтарының аумағында шаруашылық қызметті шектеу туралы» қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3256 болып тіркелген, 2008 жылғы 22 шілдедегі «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

атауы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Атбасар», «Восточный», «Бұланды» зоологиялық мемлекеттік табиғи кіші қорықтарының аумағында шаруашылық қызметті шектеу туралы»;

1-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 69-бабы, 1-тармағындағы 2) тармақшаға сәйкес, «Атбасар», «Восточный», «Бұланды» зоологиялық мемлекеттік табиғи қорықтардың аумағында жер учаскелері иегерлерінің және жер пайдаланушылардың шаруашылық жүргізу қызметіне шектеу қ о й ы л с ы н . » ;

2 - тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«2. Атбасар, Еңбекшілдер аудандарының әкімдіктері, "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Атбасар", "Восточный", "Бұланды" зоологиялық мемлекеттік табиғи кіші қорықтардың а у м а ғ ы н д а :

жер телімдерінің иегерлері мен жер пайдаланушылардың жер телімдеріне ауыртпалықтарды белгілеу бойынша;

барлық жер телімдерінің иегерлері мен жер пайдаланушыларды шаруашылық қызмет шектеулердің енгізілуімен таныстыру бойынша қажетті шаралар қолдансын.».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ.Қ. Айтмұхаметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі*

*Қ.Қожамжаров*